


## Құттықтаймыз!



Изенді ауылының тұрғыны **Қыдырғанбеков Есет Ергенұлы**н 4 -ші мамыр күні 60 жасқа толатын мерейлі тойымен құттықтаймыз! Есетке зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілейміз! Жары Сандуғаш екеуінің ұзақ та мағыналы өмір сүріп, балалары мен немерелерінің қызығын бірге көуге, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз.

Қызмет етіп еліңнің ортасында,  
Бөленіп көпшіліктің батасына.  
Еңбегіңмен еліңе сүйікті боп,  
Шықтың міне, 60 жастың жотасына.  
Табылып игі жақсы қасыңыздан,  
Жемісін бере берсін бар ісіңіз.  
Қызықты, қуанышты күндер ұзап,  
Жүзбен де жаркылдап бір табысыңыз.

Ізгі тілекпен: **жездесі Абдысамат,**  
жиендері: **Нұржан-Жанар, Серік-Гуля, Аружан, Жансая.**  
Астана қаласы.

## Құттықтаймыз!




Жараспай ауылының тұрғыны, отбасының ұйытқысы, асыл ана, ардақты әже болып отырған **Алина Қарлығашты** асқаралы 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Шыққан биігіңіз аласармай, бақыт пен шаттыққа толы отбасыңызда немерелеріңіздің ортасында шексіз бақытқа кенеле беріңіз. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болсын. Шаңырағыңыз шаттыққа толып, ұрпақ қызығы өміріңізді нұрландыра берсін. Дастарқаныңыз берекелі, өрісіңіз мерекелі болсын.

Өткен күннің артта қалып елесі,  
Тіршіліктің жылжи берсін кемесі.  
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,  
60 жастың құтты болсын белесі.  
Тойыңыз әрқашан тарқамасын,  
Өзіңізді балаларың арқаласын,  
Жасыңызға дәл осындай жас қосылып,  
Көңіліңіз дариыдай жарқырасын.

Ізгі ниетпен: **өріптестері.**

## Құттықтаймыз!



Санаалы ғұмырын ұстаздыққа арнаған аяулы жар, ардақты әке, сүйікті ата **Қыдырғанбеков Есет Ергенұлы** бүгінгі күні 60 жасқа толып отыр. Мейірімділігі мен жан жылуы қашанда жан-жағына жанашыр туыс пен достарын, сыйластарын жиып келді. Сіздің өмірлік ұстанымыңыз, парасаттылығыңыз бен адалдығыңыз бізге өмірлік шамшырақ болып отыр. Біздің шыққан әр биігіміз Сіздің арқаңыз! Сізді жақсы көреміз, пір тұтамыз! Бүгінгі күні сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, баянды бақыт тілейміз!

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,  
Жарқын жүзбен, қуанышпен келесін.  
Құтты болсын алпыс жасың, әкешім,  
Өзіңізді бір құдайым демесін.  
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,  
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.  
Аман болып ұрпағыңыз көрінген,  
Өн қалықтап, күй төгілсін төріңнен.

Ізгі тілекпен: **жұбайы Сандуғаш, балалары: Мұрат-Бақытгүл, Самат-Өсем,**  
немерелері: **Айша, Аяла, Едіге, жиендері: Айзере, Ханшайым.**

## Құттықтаймыз!



Изенді ауылының тумасы, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы, бір шаңырақтың үкені, іні-қарындастарының ақылшы ағасы, бар санаалы ғұмырын туған ауылының мектебінде жас ұрпақты тәрбиелеуге арнап жүрген азамат **Қыдырғанбеков Есет Ергенұлы**н 4 мамыр күні 60 жасқа келетін мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ағайын-туғанның ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз. Дүниедегі бар жақсылықты, отбасыңызға береке-бірлік, мол дәулет, бақытты да шаттыққа толы өмір тілейміз.

Құттықтаса жолдастарың, дос-қауымың,  
Менің дұрыс емес қой бос қауым.  
Шаңырақтың үкені бір өзіңсің,  
Алатаудай алдымызда ағамыз бар,  
Деп жүреді артында бауырларың.  
Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,  
Періштенің құлағына шалынсын.  
Денсаулығың мықты боп әрқашан,  
Жасың 100-ге жете берсін, бауырым.

Ізгі тілекпен: **Егінді ауылынан Сакеновтар әулеті.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«НУРИНСКОЕ» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. II санаттағы объектілерге әсер ету рұқсатын алу үшін жобалау материалдары бойынша 2023-2024 жылдарға арналған қосымшаға Қарағанды облысындағы Нұра учаскесінде алтын және сирек жер элементтерін барлау жоспарына келісім-шарттың мерзімін 2 жылға ұзартуға байланысты өнеркәсіптік санаттағы қорларды есептей отырып, барлау жұмыстарының циклін аяқтауға және оларды Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бекітуге (КОКБ, РЕЭС, ҚББ, ҚОББ, ҚОҚЖЖ).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кенжарық ауданы, Кенжарық ауылы.

Тыңдаулар 2023 жылғы 6 маусым, сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Кенжарық с.о., Изенді ауылы, ауылдық Мәдениет үйінің ғимараты, Боқаев көшесі, 11 мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдаулар кезінде онлайн-трансляцияға қосылу сипаттамасы: қосылу сілтемесі

<https://us04web.zoom.us/j/7684029901?pwd=bF15cVgrdC9NRG8zRUFcNE9ENk0xdz09> конференция идентификаторы 768 402 9901, құпия сөз 2sE04g.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «НУРИНСКОЕ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Сапаев көшесі, 17 үй, БСН 190240035755, директоры Латып М.Ю., Тел.: +7-701-439-15-56, e-mail y.bayadilov@appak.com

Құжаттаманы әзірлеуші: «GREEN ecology» ЖК, 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Полетаев көшесі, 13 үй, 27-пәтер, тел.: +7-701-603-80-56, e-mail: green\_ecology@mail.ru

Материалдар <https://ecoportal.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru> сайттарында орналастырылған. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Сапаев көшесі, 17 мекенжайы мен +7-701-439-15-56 телефон номері бойынша алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz/) сайтында және Қарағанды қ., Лобода, 20 көшесі, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) бойынша қабылданады. Тел.: 7(7212)56-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «NURINSKOE» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Проектным материалам для получения разрешения на воздействие для объектов II категории к Дополнению на 2023-2024 гг. к Плану разведки золота и редкоземельных элементов на участке «Нуринаский» в Карагандинской области в связи с продлением контракта на 2 года для завершения цикла геологоразведочных работ с подсчетом запасов промышленных категорий и их утверждением ГКЗ РК (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

Территория воздействия: Карагандинская область, Нуринаский район, Кенжарыкский с.о., село Кенжарык.

Слушания состоятся 6 июня 2023 года, в 12:00 ч., по адресу: Карагандинская область, Нуринаский район, Кенжарыкский с.о., с.Изенды, здание сельского Дома культуры, ул. Бокаева, 11.

Описание для подключения к онлайн-трансляции при прохождении общественных слушаний: <https://us04web.zoom.us/j/7684029901?pwd=bF15cVgrdC9NRG8zRUFcNE9ENk0xdz09>, идентификатор конференции: 768 402 9901, пароль: 2sE04g.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «NURINSKOE», Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, район Казыбек Би, улица Сапаева, 17, БИН 190240035755, директор Латып М.Ю., Тел. +7-701-439-15-56, e-mail y.bayadilov@appak.com

Разработчик документации: ИП «GREEN ecology» 100000, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Полетаева, дом 13, кв. 27, тел.: +7-701-603-80-56, e-mail: green\_ecology@mail.ru

Материалы размещены на сайтах: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, район Казыбек Би, улица Сапаева, 17, тел.: +7-701-439-15-56. Замечания и предложения принимаются на сайте [ecoportal.kz](https://ecoportal.kz/) и по адресу: г. Караганда, ул. Лободы, 20, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru); тел.: 7(7212)56-81-66

## АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД

предлагает микрокредиты

на выгодных условиях

БЫСТРО, УДОБНО, ДОСТУПНО!

- Сумма - от 30 000 тенге до 53 000 000 тенге
- Срок - от 3 до 60 месяцев
- Возраст заемщика - от 18 до 80 лет

Мы ждем вас по адресу: пос.Нұра, ул. Төуелсіздік, д. 57 Б,  
Бизнес-центр около кафе "Береке"  
тел.: 22 - 4 - 87 instagram: acf\_kievka

8 707 384 36 19, 8 707 392 45 13, 8 707 252 15 22, 8 771 746 80 65  
Регина Еркеназ Каиркельды Ольга

Лицензия №02.21.0008.М от 04.03.2021 г. от АРРФР РК



Меншік иесі:  
"QALQATAI" ЖК

Қазақстан Республикасы  
Ақпараттық және Қоғамдық даму  
министрінің 2023 жылдың  
24 ақпанында мерзімді баспасөз  
басылымын қайта есепке  
қою туралы  
№ KZ88VPY00065472  
куәлік берілген

Бас редактор  
Тазаргүл ПШЕНБАЕВА  
Индекс: 100900  
Мекенжайымыз: Қарағанды  
облысы, Нұра ауданы, Нұра  
кенті, Талжанов көшесі, 8а үй.  
Электронды адрес:  
[nuratany@mail.ru](mailto:nuratany@mail.ru)  
Телефондары: Бас редактор:  
8 777 88 99 945  
Тілшілер: 21-9-53

Газет ЖШС "Типография  
Арко" баспаханасында  
басылған.  
Қарағанды қаласы,  
Сәтбаев көшесі, 15  
Телефондары:  
41-17-83, 41-17-80  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2,0 баспа табақ.  
Газет аптасына  
1 рет шығады

Жарияланған мақала  
авторларының пікірлері  
редакцияның көзқарасын  
білдірмейді.  
Газетте жарияланған  
материалдарды сілтемесіз  
көшіріп басуға болмайды.  
Жарнамалар мен  
хабарландырулардың  
мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді

Газет  
аптасына  
1 рет шығады  
Индексі 66360  
Тиражы 1903  
Тапсырыс 15